

**Жетісай жоғары медицина колледжі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша ІІ тоқсан барысындағы кезектен тыс жиналысының**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

**28.06.2024 жыл**

**Жетісай жоғары медицина колледжі ШЖҚ МКК**

**Қатысқандар:** Жетісай жоғары медицина колледжі әкімшілік құрамы, қаржы-шаруашылық бөлімі пед.күрам жалпы 124 адам.

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

**Төрағалық етуші М.Токбергенов** жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы қаржы және мемлекеттік активтертер басқармасының тапсырмасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін заңгер-кеңесші М.Балтабаевқа сөз берілді.

**М.Балтабаев:** Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, Қазақстан азаматарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толыққанды мәлімет берді.

Тұжырымдамада мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жаңа мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттарына: баршаның заң алдындағы теңдігі мен әділдігі, жариялылығы, ашықтығы мен қоғамға есеп беруі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл, оның барлық көріністерінде сыбайлас жемқорлықтан бас тарту және т.б жатады.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы М.Токбергенов жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы:**

**М.Токбергенов**

**Хатшысы:**

**Н.Махметжан**

